

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ

ПРЕСС- РЕЛИЗ

Алматы қ.

05 қаңтар 2022 жыл

Орталық депозитарий 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыруға кірісті

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (CSD немесе Орталық депозитарий) 2021 жылғы 8 қазандағы Директорлар кеңесінің шешімімен CSD 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті.

2017-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясы аясында Орталық депозитарий бірыңғай инфрақұрылымдық ұйым құру, мобильді және веб-қосымшаларды әзірлеу және енгізу, талап етілмеген ақшаны сақтау қызметін іске қосу, есеп айырысу тетіктерін жетілдіру, ақпараттық сервистерді дамыту, нормативтік базаны, клиенттік формалар мен бұйрықтарды оңтайландыру мақсатында Бірыңғай тіркеушіні қосу арқылы өзін қайта ұйымдастыру жөніндегі ірі жобаларды жүзеге асырды. Нәтижесінде бағалы қағаздармен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүргізу рәсімін оңайлату, нарық инфрақұрылымын және инвесторлардың шығыстарын оңтайландыру, сондай-ақ жеке тұлғалар мен бейрезиденттердің Қазақстанның бағалы қағаздар нарығына неғұрлым еркін қол жеткізуі қамтамасыз етілді.

Жүзеге асырылған бастамалар CSD клиенттерінің, сондай-ақ жергілікті және халықаралық капитал нарықтарына қатысушылардың қажеттіліктеріне сәйкес CSD қызметтер спектрін одан әрі түрлендіру және цифрландыру үшін негіз болып табылады.

2022-2024 жылдарға арналған CSD Даму стратегиясын іске асыру кезеңіндегі негізгі мақсат Орталық депозитарий базасында қаржы активтерінің кең тізбесіне қызмет көрсететін және инвесторларға қызметтердің әртараптандырылған спектрін көрсететін қор нарығында икемді инфрақұрылымды қалыптастыру болып белгіленді.

Инициативы развития Центрального депозитария на будущий период определены в рамках шести бизнес-направлений:

- депозитарлық қызмет;
- бағалы қағаздарды ұстаушылардың және өзге қаржы құралдарының тізілімдерінің жүйесін жүргізу;
- банктік операциялардың жекелеген түрлері;
- бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығында сауда-саттықты ұйымдастыру;
- корпоративтік іс-әрекеттердің түйіні;
- қызметтің экожүйесін дамыту.

2022-2024 жылдарға арналған Стратегияның жеке бөлімі Орталық депозитарийдің негізгі қызметінің төрт бағытын дамыту шеңберіндегі іс-шараларды қамтиды:

- қызметті цифрландыру;
- қызметті қаржыландыру қағидаттары және тарифтік саясат;
- корпоративтік басқару жүйесін және бақылау ортасын жетілдіру;
- адам ресурстарын дамыту.

CSD 2022–2024 жылдарға арналған Даму стратегиясы туралы толық ақпарат Орталық депозитарийдің интернет-сайтының **[KACD туралы]** бөлімінің **[Стратегия, мақсаты және құндылықтары]** шағын бөлімінде берілді.